

М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ

**Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының
2024-2025 оқу жылының бірінші жарты жылдығында
атқарылған жұмыстар
ЕСЕБІ**

М.Х ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының
2024-2025 оқу жылы бірінші жарты жылдығында
атқарылған жұмыстар
ЕСЕБІ

Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің Даму стратегиясы жоспарын басшылыққа алып, жастардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамыту, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әлеуметтік белсенділігін арттыру, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді алға қояды:

- шығармашылық студиялар мен ұжымдардың қызметін ұйымдастыру;
 - дарынды, қабілетті жастарды анықтап, шығармашылық студияларға тарту;
 - оқытушылар мен студенттерге университеттің мәдени-көпшілік іс-шараларын жоғары деңгейде ұйымдастырып, облыс, қала көлеміндегі іс-шараларға креативтік, жаңаша тәсілдемелер қолданып, белсене қатысып, университеттің ішкі және сыртқы имиджін нығайту;
 - жастар арасында ұлттық өнерді насихаттайтын көркемөнерпаздық ұжымдарды қалыптастыру;
 - шығармашыл студенттерді университеттің қоғамдық өміріне, мәдени-көпшілік іс-шараларына белсене қатысуын қамтамасыз етіп, өздерінің мүмкіндіктеріне деген сенімін арттыру;
 - университет түлектері - болашақ мамандар дүниетанымы кең, жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау;
 - орындаушылардың мәдени және кәсіби деңгейін шыңдау;
 - облыстық, қалалық байқауларға қатысуына мүмкіндік жасау;
 - студенттердің эстетикалық талғамын, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту, патриоттық сезімдерін қалыптастыруға ықпал ететін мәдени, шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру.
- қызмет атқарады.

2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес жастардың арасынан дарындыларын анықтау, шығармашылыққа және белсенділікке тарту мақсатында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының жүргізген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде вокал, сән студиясы «DU models», жүргізушілер мектебі, хореография студиясының «Бинар» және «Blesting» қазіргі заманауи би топтары құрылып, кестелерге сәйкес сабақтары жүргізіліп, іс-шараларда өнер көрсетуде. Қазіргі таңда Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына барлық факультеттерден қатысатын студенттер саны -255.

Осы орайда, орталық жетістігін мақтанышпен атап өтсек, 2024 жылдың 6 қазанында өткен "KERUEN SARAY" атты Халықаралық би байқауында студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының "BI-NAR" би ансамблі бас жүлде иеленіп, Ташкент қаласына жолдама ұтып алды!




Сондай ақ, үстіміздегі жылы орталықтың «Томирис» бишілер тобы Жамбыл облысының құрметті азаматы, «Айша бибі» халықтық – этнографиялық би ансамблінің негізін қалаушы, балетмейстер – хореограф Байдаулет Сазабековтың шығармашылық еңбек жолының 35 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Айша бибі» облыстық би байқауында 1 орынды иеленді.

Орталықтың студияларында оқу жылы басында хореограф – білікті маманда А.Шахшамбаева (құрамында 50 студент қатысады «Ерке сылқым» халық би тобының жетекшісі) студенттерге би қимылдарын үйретіп, ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, аз уақыт ішінде хореографиялық қойылымдар – әр түрлі халықтардың бағытындағы би қойылымдарын дайындап, мемлекеттік мерекелерге, мәдени-көпшілік іс-шараларға бұрын мүлде бимен айналыспаған жастарды қатыстырып, кәсіби деңгейде өнер көрсетуге мүмкіндік туғызды.

Қазақ мәдениетін, тарихын, ата-бабамыздан қалған әдет-ғұрыпты, күй тартуды үйрету сабақтары арқылы танытатын, ұлттық нақышта тәрбие беретін, 12 студентті қамтитын халық-аспаптар студиясында домбыра тартуды үйренуге қызығушылық танытқан студенттерге сабақ беріп, арасынан икемді жастарды іріктеп, Ұлы даланың сарындары, фольклоры мен әуендерін қазақтың көне ұлттық аспаптары арқылы халыққа насихаттауды алдарына мақсат қойып, аз уақыттың ішінде репертуарын кеңейтіп, «Дастан» қазақ ұлттық аспаптар ансамблі университетте құрылған және түрлі аспапта ойнайтын 4 жігіттен құралған «Дулати серілері».

Вокал студиясының жетекшісі Қанарбек Алия музыкалық қабілетімен ерекшеленген 56 студенттердің ән айтуға қызығушылығын, өздерінің дауыс мүмкіндіктеріне деген сенімін арттырып, сахна мәдениетіне тәрбиелеп, барлық университеттің іс-шараларында жастарды өнер көрсетуге дайындап жүрген маман. Студияда жекеше ән айтатын өнерпаздармен қатар «Наз

«Қорқыт» кварталі құрамында студенттер өнер көрсетеді. Орындалып жүрген өндердің жалпы саны – 40 жуық. Тағы бір жетістігіміз, үстіміздегі жылы университетіміздің мақтаншына айналған, 2курс студенті Сапиев Ернұр "ТАРАЗ ДАУЫСЫ-2024" қалалық әншілер байқауына қатысып, бас жүлде иегері атанды.



Орталықта қыздардың эстетикалық талғамын дамытып, этикалық ұғымдарды қалыптастырып, инабаттылыққа, әсемдікке тәрбиеліктің бойжеткен қатысатын, «Сымбат» сан студиясына А.Түймебай жетекшілік етеді. Сан студиясына қатысатын қыздарға университет қорындағы жоғары шеберлікпен, сапалы дайындалған сахналық үлгідегі киімдер - бүкіл республикаға өзгешелігі, әдемілігімен танылып, сұранысқа ие болған костюмдер сахна төрінде көрсемендердің ардайым қызығушылығын туғырады. Студент қыздар осындай костюмдермен облыс, қала көлеміндегі, университетте өтетін көптеген іс-шараларға қатысып, сонымен қатар іс сапармен келген сыйлы қонақтарды қарсы алады.

Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз университеті – еліміздің онтүстігіндегі ең ірі білім, мәдениет және ғылым орталығы болғандықтан университетте көптеген іс-шаралар өткізіліп, байланысты жүргізушілерге мұқтаждық туындап жүргізушілер мектебі ашылды. Аталған студия орталық басшысы А.Бүрлібаеваның жетекшілігімен жұмыс атқаруда. Жүргізушілер мектебіне 15 студент ерікті түрде тіркелді.


Жүргізушілердің көпшілік алдында әдеби, көркем сөйлеп, манерлен оқып, ойын еркін жеткізуге үйрететін, жүргізушілердің сахналық мәдениетіне орталық маманы С.Искараева жауапты. Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының студияларына қатысатын 117 өнерлі жастардың ең етті, белсенді, дарындылары

университеттің мәдени-көпшілік іс-шараларында тұрақты, қызығушылықпен өнер көрсетеді.

Ағымдағы оқу жылының бірінші жартыжылдығында Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы бірнеше көркем-эстетикалық және патриоттық бағыттардағы тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастырды. Атап айтқанда:


09-21.09.2024 жылы - Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығының шығармашылық студияларына бірінші курс студенттерін тарту үшін үгіт-насихат жұмыстары онлайн форматында ұйымдастырылды; Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығы факультеттердің бірінші курс жастарын студенттер қатарына қосу және студенттік билет табыстау үшін ұйымдастырылған іс-шараларына, қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі мәдени-көпшілік, спорттық іс-шараларға да белсене қатысып, өнер көрсетті.

11.09.2024 жылы - Білім күніне арналған салтанатты кеш ұйымдастырылды. Кеш қалалық Білім алаңында 500 студенттің қатысуымен жоғары деңгейде өтті. Кешті орталық жүргізушілер мектебінің студенттері Қуанышбек Әкімжан мен Шайзадаева Назерке тізгіндеді. Кеш барысында белсенді студенттердің қатысуымен бірінші курс студенттеріне Білім кілті мен Студенттік билет салтанатты түрде тапсырылып, студенттік ант қабылданды. Кеш соңында келген қонақтар оң пікірлерін білдіріп, кеш номерлеріне ризашылықтарын білдірді.



01.10.2024 жылы - 1 қазан – Қарттар күніне және ҚР Жоғары білім қызметкерлері күніне орай «**Қарттарын қадірлеген ел бақытты!**» атты салтанатты жиын ұйымдастырылды. Үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты. Шараға оқу орда басшысы қатысып ардагерлер қауымын құттықтап, өз ықыласын білдірді. Бүгінгі күні әрбір азаматтың қартайған кезіндегі өмірін лайықты ету – мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының басты бағыттарының бірі екенін атап өтті.

10.10.2024 жылы – Орталықтың ұйымдастыруымен Студенттер қатарына қабылдауға арналған «**DUFEST - 2024**» салтанатты жастар кеші ұйымдастырылды. Кеш 1 курс студенттеріне арналғандықтан еркін форматта өтті. Кешке барлығы 1200 студент қатысты. Сондай ақ, кеш қонақтары «Жуалы» ҚТК командасы, «Дара шоу», «BRONX» заманауи хореографиялық би тобы және облысымызға танымал өнерпаздар өнер көрсетіп, студенттерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Кештің соңы Дулати университетінің гимніне белсенді студенттердің флешмобы мен от шашумен аяқталды.



24.10.2024 жылы - 25 қазан – Республика күніне арналған «**ЖАСА ҚАЗАҚ, ЖАСА ҚАЗАҚСТАН!**» атты салтанатты жиын өтті. Мерекелік шара шеңберінде әскери кафедра студенттері Мемлекеттік Туды салтанатты түрде сахна төріне алып шығып, еліміздің Әнұраны шырқалды. Салтанатты іс-шараны университет ректоры ашып, барша қауымды айтулы күнмен құттықтап, жүрекжарды лебізін жеткізді. Сондай-ақ, еңбегі елеулі профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді марапаттап, сый-құрмет білдірді.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын салтанатты жиында алдымен жастар патриоттық әуендерді шырқады. Талай елдің төрінде Әнұранымыз

айтылып, көк Туымыз желбіреген Қазақстанды төрткүл дүние таниды десек артық айтқанымыз емес. Отанға деген сүйіспеншілік, ұлттық патриотизм, туған жерге деген қастерлі құрмет – әрбір адамның рухани болмысын бағамдайтын ұлағатты ұғым. Қастерлі құндылықтарымыздың халықаралық ареналарда әрдайым абыройы асқақтап, халқымыздың тыныштығы мен татулығы, берекесі мен бірлігі бекем болуы – салтанатты жиынның басты мақсаты еді. Салтанатты шара соңы университет өнерпаздарының жігер сыйлайтын, отансүйгіштік сарындағы ән-жырларымен жалғасты.





7-26.10.2024 жылы – университеттің өнерлі, дарынды жастарды анықтап, шығармашылық қабілеттерін дамыту, қолдау көрсету мақсатында барлық факультеттердің бірінші курс студенттерінің арасында факультетаралық «Жас талант-2024» шығармашылық байқауы өткізілді. Студент жастар бағын сынап хореография, вокал, күй, ән-терме, бейнелеу өнері номинациялары бойынша өнерлерін көрсетіп, бақ сынасты. Байқауға 5 факультеттен 120 студент жастар қатысты.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- вокал (соло, дуэт, трио және т.б.), (жанды дауыста ғана орындау);
- хореография (ұлттық би, заманауи би);
- әртүрлі музыкалық аспапта орындау (домыра, қобыз, гитара);
- соны (оригиналды) жанр (цирк, акробатика және т.б.)

15.11.2024 жылы - Іріктеу кезіңінен кейін Төле би 68, 4.1 акт залында Гала концерт ұйымдастырылып, байқауда үздік өнер көрсеткен жеңімпаздары марапаттау рәсімі өтті. Байқау нәтижесі бойынша Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті «Бас жүлде» иегері атанып, Технологиялық факультет 1 орынды қанжығаларына байлады. 2 орын дипломымен Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті мен Экономика және құқық факультеті марапатталды.



25.12.2024 жылы - «Қош келдің – 2024 жыл» атты студенттік балл кеші өтті. Концертті «Blesting» заманауи би тобының «Ақшақар» биімен ашылды. Жылдың ең үздіктерін анықтайтын кеште университетіміздің ең үздік, белсенді, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени іс-шараларына етене араласып жүрген студенттер «ЕҢ ҮЗДІК» номинацияларымен марапатталды. Кеш соңы жастарға арналған би кешіне ұласты.

Студенттердің шығармашылығын дамыту орталығында кәсіби, білікті мамандардың жұмыс атқаруының нәтижесінде 2024 жылы –оқу жылы жоспарына сәйкес қорытындыланды.

Студенттердің шығармашылығын
дамыту орталығының басшысы


/қолы/

Бүрлібаева. А.З.